ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

«ОРАЗ АХУН»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ОРАЗ АХУН»

120500, Жосалы, Ораз ахун, №44

120500, Жосалы, Ораз ахун, №44

« 16 » мамыр 2025 жыл №01-1/23

«Шет ауданының ішкі саясат бөлімі»
мемлекеттік мекемесі

«Ораз ахун» қоғамдық қоры «Жасыл ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жеке мекемесінің шағымы бойынша айтылған уәждермен келіспейтінін мәлімдейді.

Аталған конкурстың қорытындысында «Ораз ахун» қоғамдық қорының жұмыс тәжірибесі 5 баллмен бағаланды. Бұл баға толық негізді және заңнама талаптарына сәйкес қойылған.

Қордың жұмыс тәжірибесіне қатысты:

«Ораз ахун» қоғамдық қоры сатып алынатын қызметтердің мәні мен мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету саласында екі жылға дейінгі тәжірибеге ие. 2024 жылы Қор Павлодар облысының Аққулы ауданында, сондай-ақ Ақмола облысының Есіл және Целиноград аудандарында «Жасыл ел» бағдарламасы аясында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жастар еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастырды.

Осы жобалар Қордың конкурс нысанасына сәйкес келетін қызметтерді жүзеге асырудағы қабілетін нақты дәлелдейді. Сондықтан конкурстық комиссия тарапынан Қордың тәжірибесін бағалау әділ және ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына толық сәйкес жүргізілген деп есептейміз.

Аталған жайттарды негізге ала отырып, комиссия шешімін өзгеріссіз қалдыруды және «Жасыл ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жеке мекемесінің шағымын қанағаттандырудан бас тартуды сұраймыз.

Төраға **А. Нұрмағанбетова**